

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 тамыздағы № 177 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 тамызда № 9381 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына, 62-бабының 6-тармағына сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарабалық ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қарабалық ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қарабалық ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын камтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарабалық ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Н. Утегенов

Әкімдіктің

2020 жылғы 14 тамыздағы

№ 177 қаулысына

қосымша

Қарабалық ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№ р/с	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
			Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Б і р тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	

1	Қарабалық ауданы Қарабалық кенті	"Қарабалық кенті әкімі аппаратының " Улыбка" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	220	32283	3 жасқа дейін 10500, 3 жастан бастап 12600
2	Қарабалық ауданы Қарабалық кенті	"Қарабалық кенті әкімі аппаратының " Улыбка" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (санаториялық топ)	20	43337	-
3	Қарабалық ауданы Қарабалық кенті	"Қарабалық кенті әкімі аппаратының " Айналайын" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	140	32283	3 жасқа дейін 10500, 3 жастан бастап 12600